

## **"Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 39

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

жоба

## **Қазақстан Республикасының Заңы Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы**

Осы Заң туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру процесінде туындайтын қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық, ұйымдық негіздерін белгілейді (бұдан әрі - туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру).

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) шартсыз франшиза - белгіленген соманы шегеріп, сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін франшиза;
- 2) пайда алушы - туристік қызмет көрсету нәтижесінде мүліктік немесе өзге де мүдделеріне зиян келтірілген турист, ал турист қайтыс болған жағдайда - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиянның өтелуіне құқығы бар тұлға болып табылады. Пайда алушы, сонымен қатар туристке (турист қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаға) келтірілген зиянды осы Заңмен белгіленген сақтанушының жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеп берген және сақтанушыдан өз шығыстарын өтеттіріп алуға құқық алған сақтандырушы немесе өзге тұлға да бола алады;
- 3) туристік қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша туроператор мен/немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген туроператор мен турагенттің туристік қызмет көрсетуімен байланысты туристке келтірген зиянды өтеу міндеті;

4) сақтанушы - туристік қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша туроператор мен /немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілік шартын сақтандырушымен жасасқан туроператор немесе турагент;

5) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымы;

6) турагент - өзінің туристік өнімін жылжыту мен іске асыру жөніндегі қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

7) туроператор - туристік өнімді қалыптастыру, жылжыту мен іске асыру жөніндегі қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

8) франшиза - сақтандырушымен өтеуге жатпайтын залалдың сомасы.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңы**

1. Қазақстан Республикасының туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңында көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Міндетті сақтандыру объектісі**

Туристік қызмет көрсетумен байланысты туристің мүліктік және/немесе өзге де мүдделеріне келтірілген зиянды оның өтеуі міндетімен байланысты туроператордың және/немесе турагенттің мүліктік мүддесі туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың объектісі болып табылады.

## **4-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты мен негізгі принциптері**

1. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты туроператордың және/немесе турагенттің туристік қызмет көрсету кезінде туристің мүліктік немесе өзге де мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) осы Заңмен белгіленген көлемде және тәртіпте туристің мүліктік немесе өзге де

мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

2) туристік қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша тараптардың өздерінің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

## **5-бап. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесіне мемлекеттік бақылау және қадағалау**

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметіне мемлекеттік қадағалауды сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде бірлескен негізде жүзеге асырады.

2. Туроператор мен турагенттің осы Заңның туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын міндетті түрде жасасуына қатысты бөлігіндегі талаптарды орындауына бақылау жасау және осы талапты бұзған туроператор мен турагентке шара қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзінің құзыреті шегінде туризм саласындағы уәкілетті органға жүктеледі.

## **6-бап. Сақтандыру сомасының, сақтандыру сыйлығының мөлшері және оны төлеу тәртібі**

1. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы мөлшері он мың айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

2. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлығының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 1%-нен аспауы тиіс.

3. Сақтандыру сыйлығын төлеудің мерзімі мен тәртібі туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен белгіленеді.

## **7-бап. Сақтандыру жағдайын және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау**

1. Сақтанушымен келтірілген залалды өтеу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуінен бастап, не сақтанушының туристің (тердің) зиянды өтеу туралы негізді талаптарын және сақтанушы келісімі бойынша сақтанушы талаптарын тану сақтандыру жағдайы болып есептеледі.

2. Туристің (тердің) талап еткен сомасы немесе заңды күшіне енген соттың сақтанушыға келтірілген залалды өтеу туралы шешімі осы Заңның 9-бабының 4-тармағының ережесін есепке ала отырып, сақтандырудың төлем мөлшері анықталады.

3. Залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтандырушы шеккен шығыстар, егер мұндай шығыстар қажет болған болса немесе сақтанушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса тіпті тиісті шаралар табыссыз болған күнде де, сақтанушының өтеуіне жатады. Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бірақ егер шығыстарды сақтандырушы сақтанушының нұсқауларын орындау нәтижесінде жасаған болса, сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерінде өтеледі.

4. Сақтандыру жағдайының әрқайсысы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,5 процентін құрайтын шартсыз франшиза сомасына азаяды.

## **8-бап. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және оны жасау тәртібі**

1. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру сақтандырушы мен сақтанушының арасында жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты туристік қызмет көрсетумен байланысты сақтандырушы мен сақтанушы арасында мүліктік немесе өзге де мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін туристің пайдасына жасалған келісім болып табылады.

2. Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

3. Сақтандырушының сақтанушыға туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.

4. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлығын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы туындаған кезде туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген тәртіп пен мөлшерде туристің келтірілген моральдық зиян мен жіберіп алған пайданың орнын толтырумен байланысты талаптарын қоспағанда, пайда алушыға сақтандыру төлемін осы заңның талаптарын есепке алатырып жасауға міндеттенеді.

5. Туроператор мен турагент туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау туралы өтініш жасаған кезде, сақтандырушы олардан бұрынғы жасалған туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары туралы толық мәліметтердің тапсыруын талап етуге құқылы.

6. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау сақтандырушының сақтанушыға Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру полисін

б е р у м е н

к у э л а н д ы р ы л а д ы .

7. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары іске асырады.

8. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмайынша туроператордың және/немесе турагенттің қызметіне жол берілмейді.

### **9-бап. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мерзімі және қолданылу аумағы**

1. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлығын төлеген сәттен бастап, міндетті сақтандыру шарты күшіне енеді және оның алғашқы сақтандыру жарнасының мерзімі ұзартылып төленгеннен бастап, тараптар үшін міндетті саналады.

2. Туроператорлар мен турагенттердің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты оның күшіне енген күнінен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыруды қорғаудың қолдану мерзімі туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне тура келеді.

3. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын қолдану аумағы туристік бағыттың (турдың) өтетін аумағы болып табылады.

### **10-бап. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату**

1. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.

2. Егер туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптары сақтандырушының кінәсінен орындалмаған болса, онда соңғысы сақтанушыға онымен төленген сақтандыру сыйақысын не сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлығын мерзімімен бөліп-бөліп төлеу кезінде) оған толық қайтаруға міндетті. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың өзге жағдайларында сақтандырушы сақтандыру қолданылған мерзімге барабар уақыттың сақтандыру сыйлығының жартысына құқы бар.

### **11-бап. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын қолдануды тоқтату**

Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын қолдану  
м ы н а ж а ғ д а й л а р д а :

- 1) шарттың қолдану мерзімі аяқталғанда;
- 2) шарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқанда;
- 3) туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушымен анықталған сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін ( сақтандыру төлемдері) жүзеге асырғанда тоқтатылады.

## 12-бап. Сақтандыру төлемі

1. Сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе турист сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса отырып жазбаша  
т ү р д е б е р е д і .

2. Сақтандырушыға сақтанушымен не туристпен сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса алғанда, жазбаша  
т ү р д е ұ с ы н ы л а д ы .

3. Сақтандыру төлемі туралы арызына мынадай құжаттар:

- 1) туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;
  - 2) с а қ т а н д ы р у п о л и с і ;
  - 3) пайда алушының жеке тұлғасын растайтын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғаға берілген сенімхаттың төлнұсқасы;
  - 4) туристік көрсетілетін қызметті жүзеге асырумен байланысты туристке келтірілген зиянды өтеу туралы талабын сақтанушының тануы немесе зиянды өтеу туралы күшіне енген заңды сот шешімінің көшірмесі;
  - 5) сақтанушы мен туристің (тердің) арасында жасалған туристік қызмет көрсетуге арналған шарттың нотариалды куәлендірілген көшірмесі;
  - 6) осы заңның 8-бабының 4-тармағында көзделген зиян мөлшерінің алдын алу және азайту бойынша қолданылған шараларға байланысты шығынды растайтын құжаттар б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ;
  - 7) денсаулық сақтау ұйымдарының жәбірленушінің еңбекке уақытша жарамсыздығының мерзімі туралы анықтамасы немесе жәбірленушіге мүгедектік белгілеу жөніндегі арнайы мекемелердің анықтамасының көшірмесі;
  - 8) пайда алушыға келтірілген зиянның мөлшерін және сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын құжат;
  - 9) қайтыс болған жағдайда, пайда алушыға келтірілген залалдың орнын толтыру құқығын растайтын құжат және жәбірленуші қайтыс болған жағдайда оның өлімі туралы нотариалды куәландырылған куәліктің көшірмесі.
3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш білдірушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған мерзімі көрсетілген анықтама

б е р у г е

м і н д е т т і .

4. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан сақтандырушыға оның талабының құқығын шектейтін жағдайларды қабылдауын талап е т у г е қ ұ қ ы ж о қ .

5. Сақтандыру төлемі осы баптың 2-тармағында көзделген сақтандырушының олардың құжаттарын алған күннен бастап, жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей ж ү р г і з і л е д і .

6. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты тараптармен немесе пайда алушымен сақтандыру төлемінің мөлшеріне байланысты даулы болған жағдайда, сақтандырушы осы баптың 6-тармағымен белгіленген уақыт ішінде көрсетілген тұлғалардың біреуіне оның даулаған бөлігінде сақтандыру төлемін ж ү з е г е а с ы р у ғ а м і н д е т т і .

Сақтандыру төлемінің даулы бөлігі сақтандырушымен бейбіт келісім жасалғанда және оны сот шешімімен бекітілген күнінен бастап, не осы дау жөніндегі соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап, егер шешім сот тарапынан шұғыл орындау міндеттелмесе, онда үш жұмыс күні ішінде төленуі тиіс.

7. Туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын қолдану мерзімінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап зиян келтірілген сәттен бастап, үш жыл мерзімде сақтандырушыға талап етілуі мүмкін.

8. Сақтандыру төлемін уақытында жүзеге асырмағаны үшін сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және мөлшерде пайда алушыға айып төлейді.

### **13-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздемесі**

1. Сақтандырушы төмендегі жағдайларда залал келтірілсе, сақтандыру төлемін толық немесе бөліп төлеуді жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

1) сақтандырушының, сақтанушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайын болдыртуға бағытталған немесе оның пайда болуына ықпал еткен жағдайда қасақана жасалған қылмыстары немесе қажетті қорғану немесе өте мұқтаж жағдайда жасалған іс-әрекеттерден басқа, әкімшілік құқық бұзушылық деп танылса;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандырушының, сақтанушының және (немесе) пайда алушының қасақана қылмыстық істерімен немесе сақтандыру жағдайының себептерімен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық іс-әрекеттері;

3) Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы заңымен белгіленген туроператор мен турагенттің қызметіне және міндеттемелеріне сай келмейтін сақтандырушы қызметін іске асырудың салдарынан сақтандыру төлемдерін толық

немесе бөліп төлеуді жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

4) туристпен (термен) сақтанушыға толық емес және/немесе анықталмаған құжаттамаларды және туристік қызметтер көрсету үшін қажет басқа да ақпараттарды ұсынуы салдарынан сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық және жартылай бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз болуы мүмкін:

1) ядролық жарылыстың зардабы;

2) әскери іс-қимылдар;

3) азамат соғысы, әртүрлі деңгейдегі халық толқулары, бұқаралық тәртіпсіздіктер мен көтерілістер;

4) сақтандырушының залал келтіру салдарынан кінәлі тұлғадан тиісті зиянды толтыру өтемін алуы;

5) сақтандырушыға осы баптың 3-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағандағы туристік қызмет көрсету нәтижесінде келтірілген зияндарды өтеу міндеттеріне байланысты шағымды (талаптық арыз) бергені туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау.

3. Егер сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындағаны туралы уақтылы білгені не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етуі мүмкін емес екені дәлелденбесе, сақтандырушының сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабардар етілмеуі оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту құқығын береді.

4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздеме болған жағдайда, сақтандырушы осы Заңның 13-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күнінен аластап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға сақтандыру төлемінен бас тартудың толық немесе ішінара бас тартуы туралы тиісті шешімді бас тартудың негізгі себептерін айтумен жазбаша түрде жіберуі тиіс.

5. Сақтанушының осы бапта көзделмеген негіздемелері бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

## **14-бап. Зиян келтірілген тұлғаға регресс құқығы**

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырушы сақтандыру жағдайы болған жағдайда жүргізілген сақтандыру төлемі шегінде кінәлі тұлғаға мына жағдайларда, егер:

1) сақтандырушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандыру жағдайын болдыруға не оның пайда болуына ықпал етуге бағытталған оның қасақана іс-әрекеттерінің салдарынан туындаған болса;

2) сақтанушының азаматтық құқықтық жауапкершілігі сақтандыру сақтандыру жағдайына байланысты қасақана жасалған қылмыстар не әкімшілік құқық бұзушылық



заң актілерінде белгіленген тәртіпте танылған сақтанушының іс-әрекеттері салдарынан  
т у ы н д а ғ а н б о л с а ;

3) туристке (терге) келтірілген зиян мөлшері сақтанушының сақтандыру жағдайының шығынын азайту бойынша қисынды және қолдан келетін шараларды қасақана қолданбауы нәтижесінде көбейген болса қайтадан талап етуге (регресс) құқы  
б а р .

2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде сақтандырушымен өтелген зияндар үшін жауапты тұлғаға сақтанушы төлеген тиісті сома шегінде қайта талап ету (регресс) құқығы ауысады.

## **15-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері**

### **1 . С а қ т а н д ы р у ш ы н ы ң :**

1) сақтанушымен шарт жасасқан кезде міндетті сақтандырудың шарттары мен тәртібін және өз құқықтарын түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда, оның телнұсқасын алуға;

3) сақтандырушымен шығындар мөлшерін анықтау мәселелерін реттеу жөнінде  
к е н е с а л у ғ а ;

4) өз құқығын сот тәртібімен қорғауға құқығы бар.

### **2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :**

1) тиісті лицензиясы бар сақтанушымен туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

2) шарт жасасқаннан кейін он күн ішінде сақтандыру полисінің және туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мерзімін ұзартудың көшірмесін туризм саласындағы уәкілетті органға тапсыруға;

3) туроператор мен турагенттіктің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлығын уақтылы  
т ө л е у г е ;

4) келтірілген зиянды өтеумен байланысты талаптың (талап өтініштің) қойылуы туралы оған белгілі болған жағдайда, кідіріссіз, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандырушыға бұл туралы тиімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті. Егер сақтандырушы дәлелді себептермен көрсетілген іс-әрекетті орындауға мүмкіндігі болмаған болса, ол мұны құжатпен растауы тиіс;

5) сақтандыру жағдайының болуы және пайда алушының барлық жазбаша талаптарының шығындарының мөлшеріне қатысты міндеттемелерін түсіндіру үшін және келген зиян мен шеккен залалдың орнын толтыру (тексеру, сотқа шақыру және т.б.) фактілері бойынша құжаттарды сақтандырушыға тапсыруға;

6) сақтандыру жағдайы басталған кезде, залалдың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайда қисынды және қолдан келетін барлық шараларды қолдануға;

7) сақтандырушының өкіліне шығын мөлшерінің себептері мен сақтандыру жағдайынан туындаған өзге де жағдайларды анықтау мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

8) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға кері талап қою (регресс) құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

## **16-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері**

### **1 . С а қ т а н д ы р у ш ы н ы ң :**

- 1) сақтандыру жағдайларының тергеулеріне қатысуға;
- 2) сақтандыру жағдайлары бойынша мәліметті тексеруге және қажет болған кезде лайықты мемлекеттік органдарға сұрау салу жіберуге;
- 3) сақтандыру жағдайларын ескерту бойынша ұсыныстар беруге;
- 4) өз құқығының және сақтандырылған адамдар құқығының қорғалуы үшін сотқа жүгінуге құқығы бар .

### **2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :**

- 1) сақтандырушының міндетті сақтандыру шартынан туындайтын міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға, оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтанушыдан міндетті сақтандыруды жасауға өтініші мен сақтандыру жарнасын төлегені туралы растау құжаттарын алғаннан кейін, оған сақтандыру полисін беруге;
- 3) сақтандыру жағдайы туралы хабар алғаннан кейін, үш күн мерзімде акт жасауға;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңмен белгіленген тәртіпте және шарттарда сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 5) сақтандырудың құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Туроператор мен турагенттің міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

## **17-бап. Дауларды қарау тәртібі**

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

## **18-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ